

**«ТУБЕРКУЛЕЗ АУРУЫНА ҚАРСЫ САНАТОРЛЫҚ ТҮРДЕГІ «НҰР»
БАЛАБАҚШАСЫ»**

«АЯЛАҒАН АНАШЫМ» ертеңгілік сценаріі



Жауапты: Құдайберген Н.М.

2023ж.

Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы аналарды мерекемен құттықтау, балаларды мейірімділікке тәрбиелеу, ұстазға ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

Барысы:

Жүргізуші: Біз ғана емес, қадір тұтқан бабалар.

Аналардан туған небір даналар.

Ана деген тіршіліктің тірегі,

Армысыздар, қасиетті аналар!

Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар! Ата-аналар, әжелер, ұстаздар, бүгін көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурыз құтты болсын!

Мерекелік ертеңгілігімізді тамашалауға қош келдіңіздер!

Зал көктем мерекесіне орай әдемі безендірілген. Көңілді әуен қосылып, ұл балалар жүгіріп кіреді.

Ән: «Аяулы анашым»

(Әуенмен Көктем кіреді)

Көктем: Сәлеметсіңдер ме, балалар!

Міне келдім табиғатты оятып,

Күн күркірі нөсерімен тоя түп.

Ағаштардың тамырына қан жүрді,

Жапырағын жасыл түске боятып.

Қандай әдемі болып құлпырып кеткенсіңдер!

Тәрбиеші: Сәлеметсізбе ару көктем! Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді.

Көктем: Сендер қандай мерекені тойлап жатырсыңдар?

Балалар: Көктем мерекесін, аналарымыздың, аруларымыздың мерекесін тойлап жатырмыз.

Көктем: Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

Көктем: Көктем мезгілінде ауа-райы қандай болады?

Балалар: Жаңбыр жауады. Күн мен түн теңеседі. Күн ұзарып, түн қысқарады. Адамдар жылы киімін тастап, жеңіл кейіне бастайды.

Көктем: Жарайсыңдар, балалар! Өте ақылды екенсіңдер.

Тәрбиеші: Біздің балалардың барлығы да әдемі, ал бүгін ерекше көңілді. Себебі олар аналарының мерекесіне өз өнерлерін сыйға тартпақшы

Сіздерден өскен балалар
Батырлар мен даналар.
Құттықтаймыз мейраммен,
Құрметті абзал аналар, - дей келе балаларымыздың сіздерге
арналған тақпақтарын тыңдайық.
(Балалардың тақпағы)

Динара
Менің әжем, бұл әже
Айтқан сөзі дәл әжем
Аман болса көреді
Қызығымды әлі әже

Бекзат
Ақ сүт берген балаңа
Күш - жігерін жұмсаған
Бұл өмірде жан ана
Тең келеді кім саған

Арсений
Теңдесі жоқ данасың
Арқа сүйер панасың
Еңбегінді ақтаймын
Аман болшы анашым

Рамазан
Ана біздің күніміз
Ана біздің гүліміз
Аналардан тарайды
Біздің ана тіліміз.

ЕРСУЛТАН

Бәріңіз де анасың
Біз үшін күн боп жансың
Құтты болсын мейрамың
Құттықтаймын анашым

ЖЕНЯ

Аялаған анашым,
Мәпелеген анашым.
Менің саған тілегім
Қартаймашы анашым

Би: « Джентельмен жігіттер» .



Ойын: «Өз баланды тап.»

Суреттердің ішінен әр ана өз баласының көздерің табу қажет.

Ән: «Әжемнің шайы»



Тәрбиеші: Қане балалар, олай болса ойын ойнайық!

Ойын: «Өз ананды дауысынан таны»

Көктем: Балалар , сендер қандай өнерлісіңдер! Ана туралы тақпақта, ән де біледі екенсіңдер Мен сендерге ризамын, мерекені жалғастыра беріңдер , мен қайтайын басқа да күтіп отырған сендер сияқты балалар бар. Сау болыңыздар!

Болсын дейді балалар
Бақытты өмір, береке
Әжелер мен анадар
Құтты болсын мереке

Осымен көктемнің алғашқы мерекесі 8 Наурызға байланысты әже, аналарымызға арналған ертеңгілігіміз аяқталды. Көріскенше күн жақсы болсын!